

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
III апта (15-19 ақпан 2021 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшиева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және г.б.)	Дидактикалық ойын: Мозайка құрастыру. Мақсаты: баланың ойлау қабілетін жетілдіру.	Ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтыру.	Сюжеттік рөлді ойындар «Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.	Дидактикалық ойын: «Тез, ақырын». Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Сықырлы суреттер» Мақсаты: ойынға қызығушылығын арттыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1 Сауат ашу Тақырыбы: Шөл дала мен сулы жер. Ө дыбысы мен әрпі Мақсаты: Ө дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. «Ө» дыбысы келетін сөздерге мысал келтіру Сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, жақсы тілек тілейді: Аспанымыз ашық, еліміздің болашақ азаматтары аман болайық! Балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып, әсемдікке байланысты тілек айтуларын өтінеді. Педагог түйе туралы әңгімелейді. Түйе үй жануары, еті, сүті пайдалы. Шөл далада көп шыдайды. Үй жануары. Балалар түйе туралы өз ойларын айтады. Әліппе-дәптермен жұмыс	1. Математика негіздері: Тақырыбы: Фермада. Заттарды ұзындығы бойынша салыстырамын. Мақсаты: Объектілерді бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдай алу. Педагог «Фермада» топтамасынан жұмбақтар жасырады. Бүгін біз сендермен фермада не болатынын және көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы білеміз және олардың ұзындығын білуді үйренеміз. ҰОҚ-ін ойын түрінде өткізеді. Көгөністің рөлін сомдайтын кейіпкерді таңдауды ұсынады. Кейіпкер тапсырмаларды орындауды ұсынады: Екі түсті бұршақтардан заңдылық құрыңдар. I. Бұршақты біреуден аттап қойыңдар. Бұршақтарды бір-бірден кезекпен	1. Сауат ашу Тақырыбы: Табиғат менің өз үйім. 3 дыбысы мен әріпі. Мақсаты: сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету, сөздерді буынға дұрыс бөле білу, сурет арқылы заттың атауын білу, логикалық ойлау қабілетін арттыру. Жазу дағдысына үйрету. Психологиялық тренинг. Айтыңдаршы балалар, Болашаққа жол ашар Іші толған әріпке Білімдіге жарық не? Топқа бөлу. Жұлдыз, ай, күн, бұлт суреттері арқылы топқа бөлу I - топ. Сөздерді оқу, буынға бөлу. II - топ. Сөздерді оқу, дыбыстық талдау жасау. III - топ. Мәтінді тізбектеп оқыту. IV - топ. Мәтін мазмұнын сұрау.	1. Құрастыру Тақырыбы: «Қарындаш салуға арналған стакан» Тәрбиеленушілер мектепке барғанда қандай оқу құралдарын пайдаланады? Білетінін ата? Оқу құралдары не үшін керек? Ол құралдарды не үшін пайдаланады? Жұмбақтарды шеш: Қабы сояу, Діңі бояу. (Қарындаш) Қысқа таяқ діңі бар, Шырлаған ізінде Сайрап тұрар тілі бар. (Қарындаш) Жіп-жіңішке денесі, Ортасында шегесі. (Қалам) Бүгін біз шырынның қорабы мен түрлі түсті қағаздарды пайдаланып, қарындаш салатын ыдыс және геометриялық фигуралар мен фишкаларға арналған қорапша жасаймыз. Ол бізге қарындашпен жұмыс жасап болған соң оны салып қоюға қажет болады. Әліппе - дәптермен жұмыс. Ол үшін бізге дөңгелек немесе	1. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мейірімді сөздер» Мақсаты: мейірімді сөздер айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Көпір» Мақсаты: Тату болуға үйрету. Ой шақыру Тәрбиеші сөзі: Балалар, бүгінгі тақырыпты айтпас бұрын, мен сіздерге мына слайд шоуды мән беріп қарауды сұраймын. Содан кейін өздерің тақырыпты табатын боласыздар. (жай музыка жүріп тұрады, слайд көрсетіледі) Ал, бүгінгі тәрбие сағатымыздың негізгі тақырыбы не болмақ, қалай ойлайсыздар? (балалардың жауаптары тыңдалады) Дұрыс айттыңдар, бүгін біздер мейірімділік туралы сөз қозғаймыз. Жақсылық

<p>1-тапсырма. Суреттен Ө дыбысы естілетін сөздерді ата. Сөздерге дыбыстық талдау жаса. Балалар берілген суреттерды атайды. Педагог Ө дыбысын қайталайды. Астыңғы тістер мен жоғарғы тістер арасындағы арақашықтықтан бір шама үлкендеу болады, тілдің ұшы төмен түседі де, сәл артқа қарай тартылады. Ортасының көлбеулігі бір деңгейде сақталады, ауа қуысымен еркін шығады, жұмсақ таңдай көтеріледі де, мұрын ауа жолы жабылады және дауыс шымылдығы жабық болады. Балалар суреттен Ө дыбыс естілетін сөздерді тауып, буынға бөледі. <i>Өркеш, шөл, өзен, өгіз.</i> Педагог балаларға сұрақ қояды. 1. Түйе жүрген жер қалай аталады? 2. Өгіз ненің үстінен өтті? Сөздерді буынға бөледі. Ө жіңішке дауысты дыбыс екенін біледі. Ө дыбысын балалар қайталап дұрыс айтуға жаттығады. 2-тапсырма Суреттегі заттарды атайды. Ө дыбысы бер сөздерге дыбыстық талдау жасайды. <i>Өшіргіш, көйлек, бөрік, көз.</i> Сөздерге сөйлем құрайды. Сызбасын жасайды. (Ұ) Сергіту сәті. Балалар орындарынан тұрып тыныс алу жаттығуларын жасайды. 3-тапсырма Педагог Ж.Әбдірашовтың өлеңін оқиды.</p>	<p>орналастырындар. Бұршақтарды солдан оңға қарай және оңнан солға қарай санандар. Оның заңдылықтағы реттік нөмірін атаңыз. 2. Енді бұршақтарды басқаша орналастырындар. – Қандай жануарлар көгөністерді жақсы көреді және қандайын? – Қоян мен мысықтың құлақтары мен құйрықтарының ұзындығы туралы не айтуға болады? Қоянның құлағы ұзын, ал мысыктікі – қысқа, қоянның құйрығы қысқа, ал мысықтыкі – ұзын. Жаңғақты немесе бұршақты өлшем ретінде пайдалануға болады. Педагог сәбздің (суреттегі немесе шынайы) бойына бұршақтарды қоюды ұсынады. Олардың санын санауды ұсынады. – Сәбздің ұзындығы бұршақпен неге тең? – Сәбздерді қатар және бір-бірінің қасына қоймай, қай сәбз ұзын екенін салыстыра аласындар ма? Педагог көгөніс пен жеміс өсетін бақшаға көз салуды ұсынады. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырманың суретін карауды және қашаларды ұзындығы бойынша салыстыру ұсынылады. – Екі затты ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болады? 2- тапсырманы орындауды ұсынады, онда суреттерді қарап, ұзындығы бойынша заттарды қалай салыстыру керектігін түсіндіре білу керек. 3-тапсырманы өз бетінше</p>	<p>От шашады жалындап, Қатты ұшқанда зымырап. (зымыран) Топтастыру. Төрт топ зымыран туралы білетіндерін жинақтап қағазға түсіреді. Қазақ ғарышкерлері кім? Олар туралы не білесіңдер? Егер мен ғарышкер болсам... (Оқушыларын өз ойларын айтады) Топтық жұмыс. Зымыран, жұлдыз, қарбыз, зырылдауық суретін әр топқа беру. Сөздерді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау. Дәптермен жұмыс. Партада отыру ережесін айтып өту. 3 әрпін тақтаға салу. Ауада жазу. Дәптерге жазу. 3 әрпін салу. Мадақтау Топтағы оқушылар бір біріне жұлдыз, төртбұрыш, үшбұрыш таратады. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: Жас футболшылар (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара пайым дене жаттығуларымен алмастыру Қимылды ойын: «Қайтала» Мақсаты: қимыл-қозғалысты, бақылағыштықты дамыту. Секіру: қолды белге қойып бір жанымен секіру; оң және сол аяқты кезек көтеріп билеп секіру; Жүгіру: қолды кеуде тұсқа ұстап жәй жүгіру; аяқты артқа</p>	<p>тік төртбұрышты қорапшалар қажет және түрлі түсті қағаз, қайшы, желім және сіріңке қораптарын пайдаланамыз. Қағазбен және қалдық заттарды пайдаланып жұмыс жасағанда қандай ережелерді сақтау керек? Жұмыстың орындалу реті: Шырын қораптарын таңдап, сіріңке қораптарын дайындап аламыз. Түрлі түсті қағаздан жолақ тіктөртбұрыш қиып аламыз, өлшемі қораппен бірдей болуы шарт. Оның түсті бетін төмен қаратып қоямыз да желім жағып, оны қорапқа желімдейміз. Қатырғықағаздан қонжықтың суретін (тәрбиеленушілерге қоян, қошқан т.б. үлгіқалыбын беруге болады) сызып алып, оны қиып, қораптың шетінен үстіне қарай шығарып жапсырамыз. Қайшымен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережесін сақтауға және желімді ұқыпты пайдалануға көңіл бөлінеді. Қорапша текшелер мен геометриялық пішіндерді салу үшін қажет. Текшелер мен геометриялық пішіндерді трафареттің көмегімен алдын ала дайындап алу қажет. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Белімізді жазайық. Жоғары-төмен қарайық, Солға-солға түзу тұр. Оңға-оңға түзу тұр, Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым Бойымызға күш жинап, Бір демалып алайық. Жұмыс барысында тәрбиеленушілер өз білімдері мен бақылауларына</p>	<p>пен жамандық адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Халқымыз «жақсылық» деген ұғымды адамгершілікке балаған. Адамгершілігі мол мейірімді, қайырымды адамды «жақсы адам» деген. Ендеше жақсылық пен жамандық туралы ойланып көрейік. Тәрбиеленушілерге сұрақ қойылады: - Жақсылық, жамандық деген ұғымдарды қалай түсінесіздер? - Жақсы болу, жақсылық жасауды қалай үйренуге болады? - Жақсы сөз айту, жақсылыққа жата ма? - Жақсылық жасау адам жасына байланысты ма? - жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады? Тәрбиеші: Адамның ішкі сұлулығы — адамның жүрегі, жүрек жылуы, махаббат, ар - ұят, қайрат, мейірімділік, жақсылық, адамшылық осы жүректен туындайды. Ойымызды әрі қарай өрбіту үшін видеоролик бойынша жұмыс жүргіземіз. Әр топқа үш түрлі видео мысал көрсетіледі. І топ: «Жақсылық сынықтары» мәтіні Сұрақтар: Бұл мысалдан нені ұқтыңдар? Сендер қалай ойлайсындар, әже неліктен көп жылдар бойы әйнек сынықтарын жинап жүрді? Егер де адамдар әженің не істеп жүргенін білгенде не істер еді?</p>
---	---	--	---	---

<p>«О» – кәдімгі дөңгелек, Ал «Ө» одан сәл бөлек. Мұны да сал, ерінбе, Белбеуі бар белінде. Суреттегі О әрпі мен Ө әрпінің пішіндерін салыстырады. Айырмашылығын табады. Балалар Ө әрпінің баспа түрін алдарына берілген құмға салады. Балалардың алдына құм салынған төртбұрыш қорапша беріледі. Балалар Ө әрпінің бейнесін сала отырып, Ө әрпінен басталатын сөздерді айтады. Сөздерге сөйлем құрайды. 4-тапсырма Ө әрпінің пішінін жіптен және қағаздан құрастырады. Педагог балаларға көмектеседі. Қағазға салынған доптың суретін таратып береді. Доптың суретін Ө әрпімен салыстырып, жетіспейтін бөлігін салады. Ө әрпінің элементін жазу жолына жазады.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы:«Туған күнді тойлаймыз» Мақсаты: Музыкалық мамандықтарды (орындаушы,әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату Тыңдау: «Міне, үлкен азамат». (С.Жаңғабылов,С. Мәуленов) Ән айту. «Бүгін туған күніміз» (И.Нүсіпбаев, Ө.Табылдиев) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Буги, буги» (А.Тани, А.Естенов)</p>	<p>орындау ұсынылады. 4-тапсырманы орындауды ұсынады, онда ұзындықтың (биіктіктің) арту тәртібімен 1-ден 9-ға дейінгі нөмірлерді қойып шығу керек. Өзінің көзбен өлшеуін жолақтан жасалған өлшеммен тексеру керек. Қосымша тапсырмалар: Жолақтарды немесе көгөністерді ұзындығы бойынша салыстыруға болады. Балаларды екі топқа бөліп, оларға жолақтарды немесе көгөністерді ұзындығының арту тәртібімен орналастыруды ұсынады. Қорытындылап, мадақтау.</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Өскенде мен кім болам? Мақсаты: Берілген тақырып аясында диалогке қатысу Дидактикалық ойын: «Сынарын тап» Мақсаты: Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бәрі бірге қосылып айтады. Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүйемейміз. Біз талантты жасұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. Балалардың назарын тақтаға аударады. - Кімдердің суреттерін көріп тұрсындар? (Балалар әр мамандықтың не істейтіні туралы өз ойларын әңгімелеп айтады.) Ал, балалар, сендер ойландындар ма, өскенде кім болғыларың келеді?(Балалар қалаған мамандықтарын айтады және не үшін таңдағандарын түсіндіреді. Ата анасының да кім болып жұмыс жасайтынын айтып өтеді.)</p>	<p>лақтырып жүгіру; тізені көтеріп жүгіру; жәй жүгіру; жүру; жүріп келе жатып арқанды алу; Бір қатардан 4 қатарға бөлініп тұру, жан - жақты дамытатын жаттығулар: 1. Қалыпты жағдай, аяқ бірге арқан төменде 1 - басты оңға ию, 2 - қалыпты жағдай, 3 - солға ию, 4 - қалыпты жағдай; 1 - басты оңға бұру, 2 - қалыпты жағдай, 3 - солға бұру, 4 - қалыпты жағдай; 1 - жоғарыға қарау, 2 - қалыпты жағдай, 3 - төменге қарау, 4 - қалыпты жағдай; 2 рет қайталау 2. Қалыпты жағдай, аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - қалыпты жағдай 4 рет қайталау 3. Қалыпты жағдай, аяқ алшақ, арқан жоғарыда 1 - оң жаққа иілу, 2 - қалыпты жағдай, 3 - сол жаққа иілу, 4 - қалыпты жағдай 4 рет қайталау 4. Қалыпты жағдай, аяқ алшақ арқанды алға ұстау 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - қалыпты жағдай, 3 - солға бұрылу, 4 - қалыпты жағдай 4 рет қайталау 5. Қалыпты жағдай, аяқ алшақ, арқан жоғарыда 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - қалыпты жағдай 4 рет қайталау 6. Қалыпты жағдай, арқанды</p>	<p>сүйенеді, өздері жасаған затты әрлеудің қарапайым әдістерін қолданады, шығармашылық таңдау жасауды үйренеді. қорытындылау.</p> <p>2. Апликация:(Заттық апликация) Тақырыбы:«Ғажайып фигуралар» Мақсаты: Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жайнай түссін даламыз, Жайнай түссін қаламыз. Қайырлы таң, Қайырлы таң, -деп сабақты бастаймыз. -- Балалар, айтындаршы қазір жылдың қай мезгілі? -- Көктем мезгілі -- Ал көктемде қандай ерекшеліктер болады? -- Күн жылынады, ағаштарда жапырақтар өседі, жерге шөптер, гүлдер өседі, -- Құстар жылы жақтан ұшып келеді. -- Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Ғажайып пішіндер», жаңағы сендер айтқан көктем ерекшеліктерін біз пішіндермен суреттеп, құрастырып көреміз. Мына ақ қағазды жазық дала деп</p>	<p>2. Музыка Тақырыбы:«Туған күнді тойлаймыз» Мақсаты: Музыкалық мамандықтарды (орындаушы,әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату Тыңдау: «Міне, үлкен азамат». (С.Жаңғабылов,С. Мәуленов) Ән айту. «Бүгін туған күніміз» (И.Нүсіпбаев, Ө.Табылдиев) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Буги, буги» (А.Тани, А.Естенов)</p> <p>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі. Бейтаныс адамдармен тілдесу ережесі. Мақсаты: Таныс емес жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін түсіну. Өмірде қауіпті заттар ғана емес, қауіпті адамдар да кездеседі. Қандай адамдарды қауіпті деп санауға болады? <i>Балалар бейтаныс адамдардан келетін қауіп туралы талқылайды.</i> Қорытынды: Өмірде мейірімді және жақсы адамдар өте көп, бірақ өкінішке орай, жаман адамдар да бар. Адамның сыртқы бейнесіне қарап, жаман ойлы екенін ажырата алмаймыз, өйткені жаман адам өте әдемі, мейірімді болып көрінуі мүмкін. Сондықтан барлық бейтаныс</p>
---	--	--	--	--

	<p>3. Жаратылыстану Тақырыбы: Қозғалыс және күш деген не? Мақсаты: қозғалыс және күш туралы мәлімет беру Дидактикалық ойын:« Не жоқ?» Мақсаты: жанды табиғат пен жансыз табиғатты ажырата білуді үйрету. «Шаттық шеңбері» Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіру; Қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету Ойыншық машинелер: жеңіл және жүк машинелері;ағаштан жасалған балаларға арналған құрылыс материалдары; өлшеуіш құралдар;көлік бейнеленген ашықхат;белгі беретін (сигналдық) парақшалар (қызыл, сары, көк);жолақпіншінді стикерлер. Оқушылар:қозғалыс дегеніміз дененің бір жерден екінші жерге орын ауыстыруы екенін біледі. Ол үшін олар ойыншық машинелермен тәжірибелер жүргізеді;машинелердің көлемі олардың жүріп өткен қашықтығына қалай байланысты екенін түсінеді.</p>	<p>Педагог: - Балалар, автобуста құрылысшы, дәрігер, аспаз кездесіп қалды, айтыңдаршы, олар не туралы әңгімелесуі мүмкін? - Ортаға шығып, көрініс ойнап көрсетейік. Кәне, кім дәрігер болам дейді, кім құрылысшы, аспаз болам дегендерің шыға қойыңдар.Педагог ниет білдірген балаларды ортаға шығарып, құрылысшы,дәрігер, аспаздың атрибуттарын кигізіп, педагогтің көмегіменрөлдерді ойнайды, диалогпен сөйлеуді үйренеді. Дидактикалық ойын:«Сұхбат». <i>Ойын шарты:</i> Педагог мен тілші ретінде сендерден сұхбат аламын дейді де, балаларға микрофон ұсынады және бір мамандықты айтады, балалар мамандық иесі не істейтінін өз атын анайтады.Мысалы: Сіз әншісіз – ән айтамын, сахнада өнер көрсетемін.Сіз дәрігерсіз – балаларды, адамдарды емдеймін. Сіз ғарышкерсіз – ғарышқа ұшамын. Сіз мұғалімсіз – балаларды оқытамын.Сіз құрылысшысыз – үйлерді, ғимараттарды саламын. Сіз суретшісіз – сурет саламын. Сіз тігіншісіз – киімдер тігемін. Өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын түсіндіру, қайталау арқылы өлең жолдарын жаттату. Ұшқыш боламын Көкке ұшамын, Ұшқыш боларбаламын. Соңына еремЕр ғарышкер ағаның Батыр болам,Көкаспанды сүйемін. ЖұлдыздарғаБарып-келіп жүремін.<i>(Т.Молдағалиев)</i> Қорытындылап,мадақтау. 3. Сурет салу Тақырыбы: «Менің арманым»</p>	<p>жерге дөңгелек формасында орналастыру, оң жағына қарай жүрелей отыру, тізені қолмен ұстау Дөңгелек формадағы арқанды тізені ұстаған күйі жүрелей жүріп 2 - рет айналу, 2 - рет арқанды айналып жүру 2 рет қайталау 7. Қалыпты жағдай, арқан төменде, аяқ бірге 1, 3 - арқанды жоғары көтеріп, бір мезгілді аяқты алшақ қою, 2, 4 - қалыпты жағдай Жүрумен алмастыра 8 - 10 рет секіру 4 қатардан 1 қатарға түсіп жүру, арқанды тапсыру Тізбектеле тұрып, 1 - 2 саналып екі топқа бөліну Екі топ кезектесіп, екі негізгі қимылды орындайды Негізгі қимылдар: Басына құм салынған қалташаны қойып, арқан үстімен табанды түгел тигізе отырып тепе - теңдік сақтап жүру Доға астымен жерді ұстамай бір қырындап өту Ойындар. 3. Көркем әдебиет: Тақырыбы: Төлдер айтысы (ертегі) Мақсаты: Дыбыстарды түрлі екіпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту Дидактикалық ойын:«Қайтала» Мақсаты: Сыбырлап және қатты айтуға үйрету. Балалар шаттық шеңберіне тұрады.Аналарының өздерін қалай еркелететінін айтады. Менің атым Айша, мені анам «қошақаным» деп еркелетеді.</p>	<p>алайық. Осы жазық далада мына бір пішін домалап келе жатты — бұл қандай пішін? -- Дөңгелек -- Түсі қандай? -- Сары -- Балалар қандай дөңгелек заттарды білесіңдер? -- Күн, шар, доп,алма т.б -- Енді мына дөңгелек пішінді, жазық далаға орналастыруымыз керек, Бұл пішін не болсын? -- Күн болсын -- Күн қайда орналасады, биікте ме, төменде ме? -- Жоғарыда, аспанда -- Сендер де өз дөңгелектеріңді орналастырыңдар. -- Енді мына ұзын таспаны алайық, бұл не балалар -- Жасыл шөптер, әдемі гүлдер -- Қалай орналастырамыз? -- Енді мына бір пішін, сендермен дос болғысы келеді, бұл қандай пішін? -- Шаршы -- Шаршы сөйлей алатын болса, өзі туралы не айтқан болар еді? -- Мен шаршымын, менің төрт бұрышым бар, төрт қабырғам бар -- Шаршы мына жазық даламызда тұрғысы келеді, бірақ бір ғажайып дауыс «Балалармен ойын ойна сонан соң келесің дейді,--балалар шаршыға көмектесейік, дейді. Ойын ойнайық «Көбелектерді өзі түстес гүлге қондыр», орындай қойыңдар. -- Енді шаршыны орналастырыңдар, қай жерге орналасады? -- Жасыл шөптің үстіне -- Келесі пішініміз, бұл қандай пішін? -- Үшбұрыш -- Үшбұрыш сөйлей алса өзі туралы не айтар еді?</p>	<p>адамдардан алыс жүру керек. Әліппе-дәптермен жұмыс. <i>Балалар Әліппе-дәптердегі суретті қарастырады.</i> Қорытынды: Бейтаныс адамдар түрлі сый көрсетуі мүмкін (шоколад немесе балмұздақ), үйіндегі кішкентай күшікті көруге, көлігімен қыдыртуға шақыруы және басқа нәрселермен қызықтыруы мүмкін. Бөтен адамға ешқашан сенбе! <i>Балалар Әліппе-дәптердегі суретті қарастырып, қорытындылауға қатысады.</i> Қорытынды: Ата-анаң қай жерде ойнайтыныңды хабарлап отыр, сонда сені керек кезде тез тауып алады. – Бейтаныс адаммен лифтіге мінбе. Әлденеден күдіктенсең, жақындарыңа хабарлас (тіпті болмаса көршілерге), сені күтіп алуын өтін. – Ақшаң немесе қымбат ұялы телефоның, бағалы ойыншығыңды кім көрінгенге көрсетіп мақтанба. Басқалардың қызғанышын ояптауға тырысқан жөн. Ол тонаушылыққа ұрындыруы мүмкін.Өміріңе қауіп төніп тұрса, полицияның 102 нөміріне хабарлас. болып, далаға серуендегің келсе, онда үлкендерге немесе сол ауланы және сондағы ойнайтын балаларды білетін үй иесіне</p>
--	---	--	---	--	--

<p>4.В.к. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Бестас» Мақсаты: Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қаблеттерін арттыру.</p> <p>Сергіту сәті. «Күн, тас, жанбыр»</p>	<p>(түпкі оймен сурет салу) Мақсаты: Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдау. Дидактикалық ойын:«Не өзгерді?» Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту Балалардың қабілетін арттыру мақсатында осы тәсіл арқылы олардың денесі,ойы сергітіледі. -Балалар,денелеріңді түзу ұстап,еркін отырып,екі аяғымызды еденге қойып,екі қолымызды тіземізге қойып,көзімізді жұмып,денемізді бос ұстап,болашағымызды армандап көрейікші.(жәй музыканың ырғағымен) 1-2 минут Жайлап көзімізді ашайық.Музыканың ырғағымен болашақты армандадыңдар.Қандай әсер алдыңдар? (балалардың жауаптары тыңдалады) -Дұрыс айтасыңдар.Олай болса,бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Менің арманым» деп аталады.Адамға армандау не үшін қажет деп ойлайсыңдар? * Арманның үлкен-кішісі бола ма? *Арманға қалай қол жеткізуге болады?Жарайсыңдар,мен сендерге арман туралы жаңа ақпарат бергім келеді. <i>Арман-алға жетелейтін жарық жұлдыз,адам адал еңбек етіп,қиындыққа мойымай,қажырлылық танытқанда ғана өз мұратына жетеді,яғни арманы жүзеге асады.</i> Коллаж «Менің арманым» <i>Барлық оқушыларға тапсырма беріледі.Оларға осы тақырыпқа</i></p>	<p>-Менің атым Елжан, мені анам «ботақаным» деп еркелетеді. -Менің атым Әмина, мені анам «құлыншағым» деп еркелетеді. Дидактикалық ойын. «Төлін тап» Дәптермен жұмыс. «Төлдер айтысы» ертегісімен таныстыру. -Төлдер бір-бірімен не үшін айтысты? -Лақ не айтты? -Құлын ше? -Бұзау не деді? -Қошақан, бота не деді? -Адам не деп жауап берді? Сергіту сәті. Айналайын торпақ, бола берме қорқақ, Айналайын қозым, малда жуас бозым. Айналайын ботам, қандай күлте жотан, Жалт-жалт етіп лақ, жағалайсың бұлақ. Дәптермен жұмыс. Жұмбақтың шешуін тап. Жарысуға дайын, менің қасқа Тайым Тастан тасқа секірген ұзын салпаң құлақты..... Лақты Қойдан маза кетірген, кім біледі..... Қозы Моп-момақтан өзі, сүп-сүйкімді..... Үй жануарларының адамдарға қандай пайдасы бар? -Ешкі, қой, сиыр, түйе, жылқының төлдерін ата. -Малдарды қалай шақырады?</p> <p>4.Мүсіндеу Тақырыбы: Не деген ғажап кесе Мақсаты: Бұйымды тұғырға</p>	<p>-- Менің үш бұрышым бар, үш қабырғам бар -- Балалар үшбұрышпен біз кішкене сергіту жаттығуын жасап алайық, Аспанға қараймыз, Қайтқан құсты санаймыз, Үшбұрыш боп тырналар Көк жүзінде сырғанар -- Үшбұрышты қайда орналастырамыз? -- Шаршының үстіне -- Пішіндеріміз неге ұқсады? -- Үй болды -- Үйімізге не жетпей тұр? -- Терезелер, есік (тік төртбұрышты анықтау) -- Өздерінде бар пішіндерден үйдің терезесін, есігін орнатыңдар -- Міне балалар біз ғажайып пішіндерді жазық далаға орналастырдық.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: Коньки тебу (Ауада) (негізгі қимылдар) Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Қимылды ойын: «Ханзада орманда келе жатты» Мақсаты: қимыл-қозғалыс және сөйлеу белсенділігін, дене шынықтыру жаттығуларына қызығушылығын дамыту. «Өз жұбынды тап» Ойын шарты: Балаларға екі түсті жалауша таратылады, әр бала бір жалаушадан, музыка ойналады, балалар алаңда жүгіреді, музыка тоқтап қалғанда бір түсті жалаушалары бар балалар жұптасып тұра қалады, жеке жұпсыз қалған балаға қарап ойыншылар: Қысқы</p>	<p>еріп шығуың керек).</p> <p>4.В.к. Ойнаймыз, ойлаймыз. Тақырыбы: Заттардың орналасуы. Мақсаты: Заттарды түр түсіне қарай ажыратуға,санауға үйрету,регімен орналастыру. Д.ойын: «Кім көмектеседі» Ойынның мазмұны: Тәрбиешінің белгісі бойынша бала он адым аттап жүреді, әр адым сайын бір қысқы ойынның атын атайды. Қайталап айтуға болмайды. Бәрін дұрыс атаған бала жеңеді.Қорытындылау.</p>	
---	---	---	---	---	--

	<p><i>коллаж жасау ұсынылады. Коллажбен жұмыс жасау үшін бір көлемдегі қатты қағаз, түрлі-түсті қағаздар, ескі кітаптар, газет, журналдар қажет. Коллаж жасап болғаннан кейін оқушылар өз жұмыстары туралы әңгімелейді. Берілген уақыт 10 минут</i></p> <p>Коллаж (франц. collage – жапсыру, желімдеу) – бейнелеу өнеріндегі техникалық әдіс, кубизм, футуризм суретшілерінің шығармашылық ізденісі кезінде пайда болған бейнелеу өнерінің бір тәсілі. Бұл өнер ағымдары суретшілері қиялына байланысты кез келген өзіне ұнаған заттарды кескіндемесіне пайдаланған.</p> <p>4. Орыс тілі: Тема: Путешествие по воде Цель: ответить на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Организационный момент. Становятся в круг. Здравствуй, родное приволье мое: Солнце и небо, Море и речка, Скалы и горы, Леса и поля, Поле и пашня, Луг и долина! Доброе утро, ребята! Задание №1. Послушай и рассмотри картинки, запомни. Помогите Балапану узнать, на чем передвигаются люди по воде. Обобщает, это водный транспорт. Игровое упражнение «Один-много». Педагог предлагает выбрать, каких предметов по одному, а каких – много. Например:</p>	<p>орнату техникасын пайдалану, бір тұғырға бірнеше бұйымды орналастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Артығын тап» Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту Ойын жағдаят: -Балалар, бүгін біз көрмеге барамыз. Көрмеге түрлі құнды заттар қойылады, оны адамдар барып көреді. Теледидардан көрменің көрінісін тамашалайды. ал енді сөреге қойылған ыдыстарға қарайық -сендерге қандай ыдыстар ұнайды? Дидактикалық ойын: «Қандай ыдыс алған дұрыс?» -қонақ келгенде..... -саяжайға барғанда..... -саяхатқа шыққанда.... -күнделікті қандай ыдыстар пайдаланамыз..... -ал шай ішу үшін қандай ыдысты қолданамыз? Әр түрлі кесе суреттерін көрсетіп, қалай безендіретініне назар аударылады. Сурет бойынша әңгіме жүргізу. -біз бүгін ата мен әжеге шай ішетін кесе жасаймыз. Атаның кесесі үлкен, ал әжеге кішірек кесе жасаймыз. Беллингвальды компонент: әдемі кесе-красивая пиала, кесе- пиала, ыдыс- посуда Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. Жарайсындар балалар ыдыстар өте әдемі болып шықты. Әже мен ата сендерге ризашылығын білдіреді.</p>	<p>ойындарҚысқы ойындардың түрлері көп. Олар: хоккей, шаңғы тебу, шана және конькимен сырғанау. Далада қар жауып тұр. Бүгін ауа райы жаман емес, күн сәл аязды. Соған қарамастан балалар далада ойнап жүр. Олар шаңғы, коньки теуіп, бір-біріне қар лақтырып ойнап жүр. Қыстың аясында далада біраз ойнап, серуендеу адамның денсаулығына пайдалы. Ойын: «Кім тапқыр?» Ал, балалар, ойнайық. Ойнайық та, ойнайық, Қандай жұмбақ болса да, Шешпей оны қоймайық! Тепсең - ақ секіріп, Ұстатпай қашады. Бір жерге бекініп, Тұра алмай сасады. (Доп) 2. Мінсем, Төменге зу етем, Өрлесем, Оны өзім сүйретем. (Шана) 3. Аяғымда Басы қайқы қос сырық. Таяғым да Қуады оны састырып. (Шаңғы) 4. Табанға қанжар байладым, Бетінде айна ойнадым. (Коньки) - Балалар нелердің атауларын таптындар? - Сендер тағы қандай спорттық ойын түрлерін білесіңдер? - Міне балалар, бұлар спорттық ойын түрлері. Сендер дене шынықтыру пәнінде осы атаулардың барлығымен таныс болдындар.</p>	
--	---	---	--	--

		<p>Один автобус Много корабликов и т.д. Задание №2. Посмотри и запомни, как мы путешествуем по воде.</p> <p>Динамическая пауза. Мы сейчас пойдём направо, А потом пойдём налево, В центре круга соберёмся И на место все вернёмся. Мы тихонечко присядем, Ручками себя погладим, Мы поднимемся тихонько И попрыгаем легонько. Пусть попляшут наши ножки И похлопают ладошки. Повернёмся мы направо – Не начать ли все сначала?.</p> <p>Задание №3. Помоги кораблику выйти в открытое море.</p> <p>Задание № 4. Найди и отметь лишний предмет. Объясни свой выбор. Какие новые слова вы узнали? Все берутся за руки и проговаривают: Все мы дружные ребята. Мы ребята-дошколята. Никого не обижаем. Как заботиться, мы знаем. Никого в беде не бросим. Не отнимем, а попросим. Пусть всем будет хорошо, Будет радостно, светло. Предлагает оценить работу на занятии: рука сжата в кулак, большой палец смотрит вверх – интересно; вниз – скучно.</p>	<p>Балаларды мадақтайды.</p>	<p>4.В.к. Логика әлемі. Тақырыбы: 1-5 сандары. Мақсаты: 5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру. Шаттық шеңбері Қуан шаттан алақай, Қуанатын кез келді. Қайырлы таң, қайырлы күн, Күліп шықты бүгін күн. Балаларға оңай бүктелетін қағаз шеңберлер беріледі. -Бұл-шеңбердің жартысы. Неше жарты шықты? Тағы бір рет бүктеп, сонда ширек шығады. Неше ширек шықты? Неге олай аталады? №1-тап-ма: Суретпен жұмыс. Олар шеңбердің қандай бөлшектерінен құралған? Шеңбердің жартысы, шеңбердің ширегі қандай түспен боялған. Осы түстермен төменгі суреттегі бөлшектерді бояу. №2-тап-ма: Затты тең екі юелікке. Яғни тендей етіп қалай бөлу керектігін көрсету. Тең екі бөліктің кез келгені жарты деп аталады. №3 тап-ма: Орындау кезінде фигура неше бөлікке бөлінген, бұл бөліктердің әрқайсысы қалай аталатынын айтады. -Шеңбердің қай бөлігі қиып алынады? -Қиылған бөлектердегі өрнекті мұқият қарандар және тиісті ширекті таңдаңдар.</p>	
<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Д/О «Жоғары –төменде, биік – аласа» Мақсаты: Жоғары –төмен, биік – аласа ұғымдарын пысықтау.</p>	<p>С/р/о «№4 «Мектеп» Мақсаты: Балалардың мектеп жайында білімдерін толықтыру. Бірі мұғалім бірі оқушы болып ойнай білуге үйрету. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай білуге, мұғалім мен оқушының қарым-қатынастарының қандай болу керектігін көрсету.</p>	<p>С/р/о «№5 «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.</p>	<p>Д/о «Кім шапшаң» Мақсаты: есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын: «Театр» Мақсаты: балаларды театр әлемімен таныстыру. Ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту</p>

« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек	Серуен №1 Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау Мақсаты: — Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, — Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	Серуен №2 Боранды күнді бақылау Мақсаты: <i>желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.</i>	Серуен №3 Желді бақылау Мақсаты: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.	Серуен №4 Бұлттарды бақылау Мақсаты: — Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; — Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту	Серуен №5 Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;	кітаптарға қызығушылық танытады.	бірнеше бөліктерден өрнек құрастырады .	жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алады .
Балалардың үйге қайтуы	Балаларының оқу іс- әрекетіне көңіл бөлу.	Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»	Ата-аналарға керекті құралдарын айту.	Сабаққа кешікпеу керектігін ескерту.	Ертеңгі демалысты айту.